

Д.К. Дурру, PhD докторанты¹
А.М. Есиркепова*, э.э.д., профессор²
П.Т. Байнеева, э.э.к., профессор²
М. Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті¹
Шымкент қ., Қазақстан
Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының филиалы²
Шымкент қ., Қазақстан
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: essirkepova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІ КӘСІПОРЫНДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ КЕЛЕШЕКТЕРІ

Мақалада тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын әлемдік экономикаға интеграциялау үшін бәсекеге қабілетті өнімнің әлеуетін қолдауға бағытталған мемлекеттік реттеу шаралары қарастырылған. Мақала авторлары тоқыма өнеркәсібін мемлекеттік қолдауды дамытуға байланысты ғалымдардың пікіріне баса назар аударады: жеңілдетілген несиелер, ақылға қонымды кеден саясаты, мемлекеттік тапсырыстар, жергілікті шикізатты қайта өңдеу бойынша өндірістерді жаңғырту және әртараптан-дыру үшін ынталандыру жүйесі. Авторлар өнім экспортын ілгерілетуге, еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыруға, тауарларды ішкі нарықта ілгерілетуге бағытталған мемлекеттік жүйелі шаралар шеңберінде тоқыма өнеркәсібінің ағымдағы жай-күйіне талдау жасаған.

Мақалада тоқыма саласының дамуына теріс әсер ететін негізгі мәселелер айқындалған: шикізаттың жетіспеушілігі мен сапасының төмендігі; шикізат пен айналым қаражатының тапшылығы; негізгі құрал-дардың қатты тозуы; бәсекеге қабілетті өнім деңгейінің төмендігі; импорттың жоғары үлес салмағы; қосылған құны жоғары өнім экспортының төмен үлесі. Мақала авторлары тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын мемлекеттік қолдауды жетілдіру бағыттарын ұсынған: отандық шикізатты пайдалануды ынталандыру; өнімнің жеке брендтерін әзірлеу үшін жағдай жасау; өндіріс шығындарын азайту үшін технологиялық және ұйымдастырушылық тетіктерді енгізетін кәсіпорындарды субсидиялау; жеңілдікті несиелер алу жөніндегі құжаттарды қарау тәртібін қайта қарау және рұқсат беру рәсімдерін оңайлату.

Кілт сөздер: тоқыма өнеркәсібі, мемлекеттік қолдау, шикізат, өнім, жеңілдікті кредиттер, мемлекеттік тапсырыстар, субсидиялау, ынталандыру, технологиялар, бәсекеге қабілеттілік.

Ключевые слова: текстильная промышленность, государственная поддержка, сырье, продукция, льготные кредиты, государственные заказы, субсидирование, стимулирование, технологии, конкурентоспособность.

Keywords: textile industry, government support, raw materials, products, soft loans, government orders, subsidies, incentives, technologies, competitiveness.

Кіріспе. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, үлкен деректерді белсенді қолданумен қатар жүретін экономикалық қатынастардың өзгеруі және басқа да құбылыстар әлемдік тоқыма өнеркәсібін басып алды. Қазақстанның тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарына олардың техникалық жарактандырылу деңгейінің төмендігі тән. Саланың мәселелері сондай-ақ еңбек өнімділігінің төмендігімен, технологияның әлемдік деңгейлерінен қалып қоюымен, сапа стандарттарының болмауымен, маркетингтің нашарлығымен сипатталады.

Ішкі нарықта импорттық тоқыма өнімдері басым, себебі отандық тауарлар бәсекеге қабілет-

сіз. Тоқыма өнеркәсібінің дайын өнімінен басқа, құрамдас бөліктер мен шикізат импортталады. Отандық тоқыма өнімдері үшін Қазақстанда өндірісі жоқ сапалы шикізат қажет. Импорттық шикізаттарды қолдану өз кезегінде тоқыма өнімдерінің түпкілікті құнына әсер етеді. Сондықтан тоқыма өнеркәсібін мемлекеттік қолдау әлемдік шаруашылыққа тиімді ықпалдасуға қабілетті саланың бәсекеге қабілетті құрылымын қалыптастыру үшін елдің ресурстық әлеуетін бөлуге бағытталған мақсатқа сай және кешенді шаралар жүйесін құрумен байланысты болуға тиіс. Бұл шаралар кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру жүйесін қалыптастырады және тоқыма өнеркәсібі

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

кәсіпорындарының мақсаттарын, сондай-ақ осы мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін және, тиісінше, шығындарын таңдау мүмкіндігін анықтайды.

Осыған байланысты тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын дамытуды мемлекеттік қолдаудың бағыттарын жетілдіруге арналған зерттеулер жүргізу қажеттілігі ерекше өзектілікті болып келеді.

Мақаланың мақсаты тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын дамытуды мемлекеттік қолдаудың бағыттарын анықтау болып табылады.

Зерттеу әдістері. Мақаланың теориялық және әдістемелік негізін тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын дамытуға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде жүйелік және статистикалық әдістер қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Тоқыма өнеркәсібі үшін жана мүмкіндіктер мемлекеттік тапсырыс саласында ашылады, онда саланы мемлекеттік қолдау шараларының көмегімен импорттық тауарды немесе шикізатты сатып алу мүмкіндігі шектеледі.

Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың дұрыс шаралары Қазақстанда тоқыма өндірісін оқшаулау үдерісінің драйвері бола алады.

Әбішев У.С. Қазақстан Республикасында тоқыма бұйымдары өндірісіне маркетингтік зерттеулер жүргізген. Оның пікірінше, үкімет лицензиялау сияқты әдістермен салаға кіруді шектей алады немесе тіпті алып тастай алады, стандарттарды бақылау, саудадағы техникалық кедергілер, зияткерлік меншікті қорғаудың әртүрлі заңды нысандары және т.б. сияқты механизмдер арқылы кедергілерді енгізе алады. Қазіргі уақытта мақсатты елдердің мемлекеттік құрылымдары төмен сапалы өнімдер нарығына кіруге кедергі келтірмейді [1].

Қолдау әр түрлі формада болуы керек (жеңілдетілген несиелер, ақылға қонымды кеден саясаты, мемлекеттік тапсырыс). Мемлекет саланы осы жаһандық сынақтарға дайындауы тиіс. Бірақ саланың өзі, салалық қоғамдастық (бизнес, ғылым, білім және т.б.) өзінің әртараптандырылуына барынша белсенділік танытуы керек.

В.Г. Чахаланның пікірінше, қазіргі заманғы тоқыма өнеркәсібі – бұл өсімдіктер, жануарлар, жасанды және синтетикалық талшықтарды иірілген жіптерге, маталарға өңдеумен айналысатын жеңіл өнеркәсіп салаларының тобы. Саланы мемлекеттік қолдау шараларының ішінде ең тиімділерінің бірі тоқыма және жеңіл өнеркәсіп

кәсіпорындары алған несиелер бойынша пайыздарды төлеуді субсидиялау болып танылады [2].


Қурбанова Х.Б. тоқыма өнеркәсібін дамыту әлемдік нарықтың қажеттіліктеріне сәйкес сапалы және экологиялық қауіпсіз өнім шығаруға және жергілікті өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар мен ноу-хауды тарту, осы салада тәжірибесі бар шетелдік әріптестердің қатысуын қамтамасыз етуге тиісті жағдайлар мен мемлекеттік қолдау жасау арқылы мүмкін болады деп санайды [3].

Көптеген ғалымдар (Сатторкулов О.Т., Махмудова Г.Р., Турдикулова Г.О.) қазіргі кезеңде тоқыма өнеркәсібіндегі мемлекеттік қолдауды өндірісті оңтайландыруға, тоқыма өнімдерінің желісін кеңейтуге, сыртқы және ішкі нарықта өндіріс пен өткізу көлемін арттыруға мүмкіндік беретін белгілі бір іс-шараларды орындаумен байланыстырады. Бұл үшін олар тоқыма кәсіпорындарының маркетингтік саясатын жетілдіруді, яғни сыртқы нарықтарға енудің ең жылдам және тиімді әдісі ретінде өз брендті мен өткізу нарықтары бар шетелдік инвесторларды тартуды ұсынады [4].

Мемлекеттік қолдауды дамытудың негізгі бағыттары тоқыма өнеркәсібінде жергілікті шикізатты қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді жаңғырту және әртараптандыру үшін ынталандырулар жасаумен байланысты болуға тиіс.

Негізгі бөлім. Қазақстан Республикасында тоқыма өнеркәсібі саласын белсенді қолдау байқалады, ол тоқыма саласының мәселелерін шешудегі тиімді мемлекеттік саясатта және оны нәтижелі дамыту үшін инвестициялар тартуда көрініс табады.

Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын қолдаудың басты құжаттарының біріне Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіпті дамытудың 2019-2021 жылдарға арналған Жол картасын жатқызуға болады. Онда тоқтап тұрған кәсіпорындарды ашу, кеңейту, қалыпқа келтіру жолымен қазіргі заманғы технологиялық қайта бөлулерді және өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қолдану бағыттары көрсетілген [5]. Соңғы бес жылғы мәліметтерге сүйенсек, тек тоқыма бұйымдарын шығарумен айналысатын негізгі кәсіпорындардың саны 2020 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 8 бірлікке, ал 2019 жылмен салыстырғанда 12 бірлікке азайған (1-сурет).



1-сурет. Қазақстан Республикасында тоқыма бұйымдарын шығаратын кәсіпорындардың өзгерісі*


* Авторлармен [6] негізінде әзірленген

Мақта өсіру Түркістан облысында дәстүрлі түрде жүзеге асырылады, онда шитті мақтаны қайта өңдейтін негізгі кәсіпорындар орналасқан. Тоқыма өнеркәсібінің неғұрлым ірі кәсіпорындары корпорация «Textiles.kz» («Ютекс» АҚ / «Меланж» АҚ) және «South Textiline.kz» ЖШС жылына 18,8 мың тонна мақта талшығы өңделеді. Сонымен қатар, табиғи тоқыма талшықтарының ішінде мақта талшығы елдегі өндіріс көлемі бойынша ең үлкен топты құрайды.

Мемлекет тарапынан тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын қолдау өнім экспортын іл-

герілету, еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру, тауарларды ішкі нарықта ілгерілету, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру сияқты өңдеуші өнеркәсіпке бағытталған жүйелі шаралар шеңберінде көрсетіледі. Сондай-ақ «қарапайым заттар экономикасын» дамыту шеңберінде жеңілдікпен несие беру көзделген (6%-дан артық емес) [7].

Статистикалық деректер бойынша 2020 жылы отандық кәсіпорындар 75997 млн теңгеге тоқыма өнеркәсібінің өнімін өндірген (2-сурет)



2-сурет. 2016-2020 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасында тоқыма өнеркәсібі өндірісінің құндық мәндегі көлемі, млн теңге*


* Авторлармен [6] негізінде әзірленген

2-суреттен көріп отырғанымыздай, тоқыма өнеркәсібінде құндық мәнде өнім өндіру көлемі 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін өсу үрдісіне ие.

Тоқыма өндірісінде негізгі үлесті мынадай өңірлер алады: Шымкент қаласы (25% немесе

17,7 млрд теңге) және Түркістан облысы (31% немесе 31 млрд теңге).

Алайда, 2016-2020 жылдары өндіріс көлемінің дұрыс өсуіне қарамастан, тоқыма өнеркәсібі саласының үлесі бүгінгі күнге дейін 0,2-0,3%-ға айтарлықтай төмен деңгейде қалып отыр (3-сурет).



3-сурет. 2016-2020 жылдар аралығындағы өнеркәсіп өнімдерін өндірудің жалпы көлеміндегі тоқыма өнімдерінің үлесі, % [28-40]*

* Авторлармен [6] негізінде әзірленген

Тоқыма өндірісі секторындағы өсім 2020 жылы мақта талшығы көлемінің 18%-ға, мақта-мата маталарының 59%-ға, синтетикалық және жасанды жіптерден жасалған маталардың 85%-ға ұлғаюы есебінен болды.

Тоқыма өнеркәсібінің қазақстандық экспорты шикізат немесе нарықтық құны өте төмен қайта бөлу өнімдері болып табылатындығының заңдылығы қалыптасуда. Бұл ретте импорт – қосылған құнның жоғары деңгейі бар дайын, қайта жинақталған тауар.

Импорт көлемінің тұрақты ұлғаю себептерінің бірі Қазақстанның тоқыма өнеркәсібінің импортқа тәуелділігінің жоғары болуы болып табылады. Импорт негізінен Қытайдан, Түркиядан, Ресейден, Италиядан және Франциядан келеді.

Сала дамуының оң көрсеткіштерінің бар екенін атап өткен жөн – кілемдер, кілем бұйымдары және тоқыма бұйымдары бойынша Бразилияға, костюм және костюм жиынтықтары бойынша Эстонияға, сондай-ақ шұлық бұйымдары бойынша Италияға экспортқа жіберу жолға қойылған. Сондай-ақ, Ресей, Түркия, Үндістан, Испания және Португалия зауыттарына экспортталатын тауарлардың көлемі өсіп отыр.

Тоқыма саласының жай-күйін талдау оның дамуында кейбір оң үрдістер болған кезде оның экономикалық өсуі мен қаржылық орнықтылығына теріс әсер ететін мәселелер қалып отырғанын көрсеткен жөн. Бұл саланың мәселелеріне мыналар жатады:

- шикізаттың жетіспеушілігі және төмен сапасы;
- шикізат пен айналым қаражатының тапшылығы;
- негізгі құралдардың қатты тозуы;
- бәсекеге қабілетті өнімнің төмен деңгейі;

- импорттың жоғары үлес салмағы;
- қосылған құны жоғары өнім экспортының төмен үлесі.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін еліміздегі бәсекеге қабілетті тоқыма өнімін өндіруді ұйымдастыруға елеулі назар аудару және мемлекеттің тиісті құрылымдық бөлімшелері тарапынан жүзеге асырылатын қаржылық қолдау көрсетуді көздеу қажет.

Қорытынды. Сонымен, тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарын мемлекеттік қолдауды жетілдіру үшін мынадай даму бағыттарын ұсынуға болады:

- отандық шикізатты қолдауды ынталандыру. Елдегі тоқыма өнеркәсібі өніміне қажеттілікті ескере отырып, жергілікті шикізат (мақта, жүн, жібек, былғары) негізінде экспортқа бағытталған өнім өндіретін жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп кәсіпорындарының қызметін мемлекеттік қолдау;
- өнімнің жеке брендтерін әзірлеу үшін жағдай жасау. Дайын тоқыма өнімінің жаңа жеке брендтерін құру және алдымен өз, содан кейін жоғары сапалы бәсекеге қабілетті өніммен сыртқы нарықтарға ену бойынша отандық кәсіпорындардың тыңғылықты жұмысы үшін жағдай жасау;
- өндіріс шығындарын азайту үшін технологиялық және ұйымдастырушылық тетіктерді енгізетін кәсіпорындарды субсидиялау. Шикізат аймақтарына тікелей жақын орналасқан жаңа тоқыма кәсіпорындарының құрылысын өрістетумен бірге жекелеген өндірістерді технологиялық және ұйымдастырушылық жаңғыртуды белсенді жүргізу, бұл өндіріс шығындарын азайтуға және баға бәсекелестігіне қабілеттілікті сақтауға мүмкіндік береді;
- жеңілдікті несиелер алу бойынша құжаттарды қарау және рұқсат беру рәсімдерін оңай-

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

лату тәртібін қайта қарау. Тоқыма өнеркәсібі бағытталған қазіргі заманғы технологияларға не-
саласында кеңінен тұтыну өнімдерін өндіруді гідзелген инвестициялық жобаларға несие беру.
кеңейтуге және олардың сапасын арттыруға

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абишев У.С. Отчет по результатам маркетингового исследования производства текстильных изделий // <https://atameken.kz/uploads/content/files/Производство%20текстильных%20изделий.pdf>
2. Чакалян В.Г. Анализ и меры государственной поддержки рынка текстильной промышленности РФ // Молодой ученый. – 2017. – №1. – С. 284-288.
3. Курбанова Х.Б. Основные направления государственной поддержки производства текстильной продукции // Journal of Economy and Business. – 2017. – №1. – С. 59-63
4. Сатторкулов О.Т. Развитие текстильной промышленности в условиях модернизации экономики / О.Т. Сатторкулов, Г.Р. Махмудова, Г.О. Турдикулова // Вопросы экономики и управления. – 2018. – № 1 (12). – С. 11-14.
5. Новая дорожная карта по развитию легкой промышленности до 2021 года презентована в Астане // <https://atameken.kz/ru/news/26654-novaya-dorozhnaya-karta-po-razvitiyu-legkoj-promyshlennosti-do-0-goda-prezentovana-v-astane>
6. Қазақстан Республикасының өнеркәсібі. 2016-2020 жылдар / Нұр-Сұлтан: Статистикалық жинақ. – 201 б. // <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>
7. Текстильное производство в Казахстане показывает стабильный рост // <https://uchet.kz/news/tekstilnoe-proizvodstvo-v-kazahstane-pokazyvaet-stabilnyy-rost/>

REFERENCES

1. Abishev U.S. Otchet po rezul'tatam marketingovogo issledovaniya proizvodstva tekstil'nyh izdelij [Report on the results of the marketing research of textile production] // <https://atameken.kz/uploads/content/files/Proizvodstvo%20tekstil'nyh%20izdelij.pdf> [in Russian]
2. Chakaljan V.G. Analiz i mery gosudarstvennoj podderzhki rynka tekstil'noj promyshlennosti RF [Analysis and measures of state support of the textile industry market of the Russian Federation] // Molodoj uchenyj. – 2017. – №1. – S. 284-288 [in Russian].
3. Kurbanova H.B. Osnovnye napravlenija gosudarstvennoj podderzhki proizvodstva tekstil'noj produkcii [The main directions of state support for the production of textile products] // Journal of Economy and Business. – 2017. – №1. – S. 59-63 [in Russian].
4. Sattorkulov O.T. Razvitie tekstil'noj promyshlennosti v uslovijah modernizacii jekonomiki [Development of the textile industry in the context of economic modernization] / O.T. Sattorkulov, G.R. Mahmudova, G.O. Turdikulova // Voprosy jekonomiki i upravlenija. – 2018. – № 1 (12). – S. 11-14 [in Russian].
5. Novaja dorozhnaja karta po razvitiju legkoj promyshlennosti do 2021 goda prezentovana v Aстане [A new roadmap for the development of light industry until 2021 has been presented in Astana] // <https://atameken.kz/ru/news/26654-novaya-dorozhnaya-karta-po-razvitiyu-legkoj-promyshlennosti-do-0-goda-prezentovana-v-astane> [in Russian].
6. Kazakstan Respublikasynyn onerkasibi [Industry of the Republic of Kazakhstan]. 2016-2020 zhyldar / Nur-Sultan: Statistikal'nyj zhinak. – 201 b. // <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Kazakh].
7. Tekstil'noe proizvodstvo v Kazahstane pokazyvaet stabil'nyj rost [Textile production in Kazakhstan shows stable growth] // <https://uchet.kz/news/tekstilnoe-proizvodstvo-v-kazahstane-pokazyvaet-stabilnyy-rost/> [in Russian].

Д.К. Дурру, А.М. Есиркепова, П.Т. Байнеева

**ПЕРСПЕКТИВЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИЯТИЙ
ТЕКСТИЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН****Аннотация**

В статье рассматриваются меры государственного регулирования предприятий текстильной промышленности, направленных на поддержку потенциала конкурентоспособной продукции для интеграции в мировое хозяйство. Авторами статьи основное внимание уделено мнениям ученых, связанных по развитию государственной поддержки текстильной промышленности: льготные кредиты, разумная таможенная политика, государственные заказы, система стимулов для модернизации и диверсификации производств по переработке местного сырья. Авторами проанализированы текущее состояние текстильной промышленности в рамках государственных системных мер, направленных на продвижение экспорта продукции, стимулирование повышения производительности труда, продвижение товаров на внутреннем рынке.

В статье определены основные проблемы негативно влияющих на развитие текстильной отрасли: недостаток и низкое качество сырья; дефицит сырья и оборотных средств; сильная изношенность основных средств; низкий уровень конкурентоспособной продукции; высокий удельный вес импорта; низкая доля экспорта продукции с высокой добавленной стоимостью. Авторами статьи предложены рекомендации по совершенствованию государственной поддержки предприятий текстильной промышленности: стимулирование использования отечественного сырья; создание условий для разработки собственных брендов продукции; субсидировать предприятия внедряющие технологические и организационные механизмы для снижения издержек производства; пересмотреть порядок рассмотрения документов и упрощения разрешительных процедур по получению льготных кредитов.

D. Durru, A. Yessirkepova, P. Bainejeva**PROSPECTS OF STATE SUPPORT OF TEXTILE INDUSTRY
ENTERPRISES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN****Annotation**

The article covers measures of state regulation of textile industry enterprises aimed at supporting the potential of competitive products for integration into the world economy. The authors concentrate upon the opinions of scientists associated with the development of state support for the textile industry: preferential loans, reasonable customs policy, government orders, a system of incentives for the modernization and diversification of local raw materials processing industries. The authors evaluated the current state of the textile industry within the framework of state systemic measures aimed at promoting the export of products, stimulating labour productivity and promoting goods on the domestic market.

The article includes the main problems negatively affecting the development of the textile industry: lack and poor quality of raw materials; shortage of raw materials and working capital; severe depreciation of fixed assets; low level of competitive products; high import share; low share of exports of products with high added value. The authors propose recommendations for improving state support for textile industry enterprises: stimulating the use of domestic raw materials; creating conditions for the development of their own product brands; subsidize enterprises implementing technological and organizational mechanisms to reduce production costs; review the procedure for reviewing documents and simplifying licensing procedures for obtaining preferential loans.

